

**Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
БЕКІТІЛДІ**

**(23 қыркүйек 2021 жылғы  
№ 9 хаттама)**



**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ  
Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін  
лауазымға кірістіру бағдарламасы**



## **1. Жалпы ережелер**

1. «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға кірістіру бағдарламасы (әрі қарай – Бағдарлама) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ (әрі қарай - Қоғам) қызметімен таныстыру тәртібін анықтайды.

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына, Қоғам Жарғысына және Директорлар кеңесінің қызметін реттейтін басқа құжаттарға сәйкес әзірленді.

3. Қоғамда Директорлар кеңесінің мүшелерін төмендегі тармақтар есебінен Қоғам қызметімен, соның ішінде даму жоспарларымен, құрылыммен, іскерлік тәжірибемен және копоративтік басқару тәжірибесімен максималды жедел, толық және тиімді таныстыру қамтамасыз етіледі:

1) Директорлар кеңесі мүшесінің Қоғам қызметінің сипаты, басқару жүйесіндегі Директорлар кеңесінің рөлі, өз құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, Директорлар кеңесі жұмысының ережелері мен тәртібі түсініктерін қалыптастыру;

2) Директорлар кеңесінің мүшесін даму жоспарларымен, Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерімен және қаржылық есептілігімен таныстыру;

3) Директорлар кеңесінің мүшелері мен Қоғамның Басқарма мүшелері арасындағы байланысты қамтамасыз ету.

## **2. Лауазымға кірістіру тәртібі**

4. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға кірістіру Жалғыз акционер сайлаған сәттен астап бір айдан кешіктірмей жүзеге асырылады.

5. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне лауазымға кірістіру барысында қолдау көрсетеді.

6. Лауазымға кірістіру келесі шаралардан тұрады:

1) Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы Жалғыз акционердің бұйрығымен таныстыру;

2) 1 Қосымшаға сәйкес Қоғам, Директорлар кеңесі, Қоғам жұмыс істейтін сала және оның бәсекелес ұстанымдары туралы ақпаратты танысу үшін ұсыну.

3) Қоғаммен, Жалғыз акционермен, Директорлар кеңесімен, Басқармамен танысу.

7. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесін Жалғыз акционердің сайлау туралы бұйрығымен таныстыруды аталған құжатты ілеспе хатпен бірге Директорлар кеңесінің мүшесіне ыңғайлы тәсілмен жолдау арқылы Корпоративтік хатшы жүзеге асырады.

8. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесін Қоғам мен Директорлар кеңесі туралы ақпаратпен таныстыру мақсатында Корпоративтік



хатшы 1 Қосымшаға сәйкес құжаттар пакетін дайындайды және оны алдын-ала келісілген тәсілмен Директорлар кеңесінің мүшесіне жолдайды.

9. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің Қоғаммен, Жалғыз акционермен, Директорлар кеңесімен, Басқармамен танысуы келесі жолдармен жүзеге асырылады:

- істің барысымен таныстыру және жұмыстың ерекшеліктерін, басқа да мәселелерді талқылау үшін Директорлар кеңесінің Төрағасымен, Директорлар кеңесінің басқа мүшелерімен жеке кездесулер;

- Басқарма Төрағасы-ректормен және Басқарма мүшелерімен, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жекелеген басшыларымен кездесулер;

- Ішкі аудит қызметінің басшысымен кездесу;

- Корпоративтік хатшымен кездесу және тұрақты өзара қарым-қатынас.

10. Директорлар кеңесі мүшесінің сұрауы бойынша Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысы мәселелері жөнінде консультациялар береді, соның ішінде:

- 1) құқықтар мен міндеттерді іске асыру мәселелері, Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігі мәселелері бойынша түсіндірме;

- 2) Директорлар кеңесі отырыстарын дайындау және өткізу тәртібі;

- 3) Директорлар кеңесі Комитеттері мен Басқарманың Директорлар кеңесі алдындағы есептілігі;

- 4) Директорлар кеңесі мүшесінің қызығушылығын тудырған процесті қысқаша сипаттау;

- 5) корпоративтік басқару саласында Қазақстан Республикасының заңнамасында болған өзгерістер туралы хабардар ету.

«Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті»  
КеАҚ Директорлар кеңесінің  
жаңадан сайланған мүшелерін  
лауазымға кірістіру  
бағдарламасына 1 қосымша

**Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне ұсынылатын  
құжаттар тізімі**

№	Қажетті ақпарат	Дереккөз
1	2	3
1	Қоғам туралы ақпарат	Қазақстан Республикасының Заңдары: «Акционерлік қоғамдар туралы», «Коммерциялық емес акционерлік қоғамдар туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы», «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», Эмитенттің ақпаратты жария ету қағидалары, Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексін бекіту туралы бұйрық, Қоғамның Жарғысы, Даму стратегиясы, Даму жоспары, соңғы 3 жылдағы сыртқы аудиторлардың есептері және т.б.
2	Қоғамды корпоративтік басқару тәжірибесі	Корпоративтік басқару кодексі, Жарғы
3	Жалғыз акционер рөлі	«Акционерлік қоғамдар туралы» заң, Жарғы, Корпоративтік басқару кодексі.
4	Директорлар кеңесінің рөлі:	Жарғы, Корпоративтік басқару кодексі, Директорлар кеңесі туралы ереже, Директорлар кеңесінің Комитеттері туралы ереже, Директорлар кеңесінің және комитеттерінің биылғы жылға арналған жұмыс жоспарлары
5	Директорлар кеңесінің құрамы	Директорлар кеңесі мүшелерінің қысқаша өмірбаяны байланыс мәліметтерімен бірге (телефон, электронды пошта мекенжайы), Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамындағы мүшелігі туралы анықтама



6	Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі	«Акционерлік қоғамдар туралы» заң, Жарғы, Корпоративтік басқару кодексі, Директорлар кеңесі туралы ереже, Директорлар кеңесінің Комитеттері туралы ереже
7	Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің отырыстары туралы ақпарат.	Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің отырыстарының хаттамалары, Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің жұмыс жоспарлары (кестелері).
8	Басқарма рөлі: ұйымдық құрылымы, құзыреті, жұмыс тәртібі	«Акционерлік қоғамдар туралы» заң, Жарғы, Басқарма туралы ереже, ұйымдық құрылым
9	Басқарма құрамы	Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің қысқаша өмірбаяны, аталған тұлғалардың координаттары (телефон, электронды пошта мекенжайы, кабинет номері)
10	Органдардың құзыреті және олардың арасындағы өзара қатынас тәртібі	Жарғы, Корпоративтік басқару кодексі, Директорлар кеңесі туралы ереже, Басқарма туралы ереже, Ішкі аудит қызметі туралы ереже, Іскерлік этика кодексі
11	Ішкі аудит қызметі	«Акционерлік қоғамдар туралы» заң, Жарғы, Корпоративтік басқару кодексі, Ішкі аудит қызметі туралы ереже, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі, Ішкі аудит қызметінің ағымдағы жылға арналған жұмыс жоспары, Ішкі аудит қызметінің алдыңғы жылғы есебі және т.б.
12	Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлері туралы ақпарат	Ішкі аудит қызметі басшысының қысқаша өмірбаяны, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің тізімі, аталған тұлғалардың координаттары (телефон, электронды пошта мекенжайы, кабинет номері)
13	Корпоративтік хатшы	«Акционерлік қоғамдар туралы» заң, Жарғы, Корпоративтік басқару кодексі, Директорлар кеңесі туралы ереже, Корпоративтік хатшы туралы ереже, кабинет номері, координаттары (телефон номері, электронды пошта мекенжайы)

*Ескерту:*

1. Құжаттар бар болған жағдайда ғана ұсынылады, жоқ құжаттар олар белгіленген тәртіпте бекітілгеннен кейін қосымша ұсынылады.